



**«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК
СТУДЕНТІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ**



**ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СТУДЕНТА
КГКП «Высший колледж имени Магжана Жумабаева»**

**Петропавл қ., 2026 ж.
г. Петропавловск, 2026 г.**

31.08.2026 жылғы
№1 педагогикалық кеңесте
қарастырылды

«Бекітемін»
«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары
колледж» КМҚК директоры



Г.Ш.Жаканова

Келісіді
Студенттік өзін-өзі басқару төрағасы



Е.Н.Жансұр



«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» СТУДЕНТІНІҢ ӨДЕП КОДЕКСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж студентінің Өдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) студенттердің мінез-құлқының негізгі нормаларын белгілейді, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы өзара қарым-қатынас қағидаттарын айқындайды және қауіпсіз, құрметке негізделген, жайлы әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Кодекс студенттердің мінез-құлық мәдениеті, қарым-қатынас, оқу тәртібі, академиялық адалдық, өзара құрмет және жауапкершілік нормаларын айқындайды.

1.3. Осы Кодекстің қолданысы Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледждің (бұдан әрі – Колледж) барлық студенттеріне таралады.

1.4. Осы Кодекстің ережелері студенттер Колледж аумағында болған кезде, оқу сабақтарына, тәрбие, мәдени, спорттық, қоғамдық және Колледж ұйымдастыратын басқа да іс-шараларға қатысқан кезде, сондай-ақ студенттің мінез-құлқы білім беру процесімен тікелей байланысты болатын өзге де жағдайларда қолданылады.

1.5. Осы Кодекстің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Колледждің жарғысымен, Ішкі тәртіп ережелерімен және Колледждің басқа да жергілікті нормативтік құжаттарымен өзара байланыста қолданылады.

1.6. Әрбір студент осы Кодекстің ережелерін білуге және сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, Колледж мүлкіне ұқыпты қарауға және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етуге міндетті.

2. КОДЕКСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Кодекстің мақсаты

Осы Кодекстің мақсаты – студенттердің бойында мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті, тәртіптілікті, өзара құрметті, академиялық адалдықты және сындарлы өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.

2.2. Кодекстің міндеттері

Кодекстің негізгі міндеттері:

1. студенттердің бойында жауапкершілік, тәртіптілік сезімін және басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуді тәрбиелеу;
2. мінез-құлық, қарым-қатынас және іскерлік этика мәдениетін қалыптастыру;
3. оқу тәртібін және Колледждің корпоративтік мәдениетін нығайту;
4. академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
5. құқық бұзушылықтардың, буллингтің, кибербуллингтің және құқыққа қайшы мінез-құлықтың өзге де нысандарының алдын алу;
6. оқу үшін қауіпсіз әрі жайлы жағдайлар жасау;
7. студенттердің азаматтық жауапкершілігі мен әлеуметтік белсенділігін дамыту;
8. салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
9. жанжалды жағдайларды сындарлы түрде шешу дағдыларын дамыту.

3. НЕГІЗГІ ӨДЕП ҚАҒИДАТТАРЫ

3.1. Студенттің мінез-құлқы мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. әрбір адамның жеке басын және қадір-қасиетін құрметтеу;

1. ізгі ниеттілік, сыпайылық және әдептілік;
2. өз әрекеттері мен олардың салдары үшін жауапкершілік;
3. адалдық және шынайылық;
4. оқу тәртібін сақтау;
5. оқытушыларды, Колледж қызметкерлерін және басқа студенттерді құрметтеу;
6. зорлық-зомбылыққа, қорлауға, кемсітуге, буллингке және кибербуллингке жол бермеу;
7. Колледж мүлкіне ұқыпты қарау;
8. Қазақстан Республикасының заңнамасын және Колледждің жергілікті нормативтік құжаттарын сақтау.

4. ӨТКІЗУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

4.1. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Колледжде өткізу жүйесі жұмыс істейді.

4.2. Колледж ғимаратына кіруді бақылауды күзет қызметкерлері және кезекші вахтер жүзеге асырады.

4.3. Колледж ғимаратына кіретін барлық адамдар белгіленген сәйкестендіру рәсімінен Face ID жүйесі арқылы өтуге немесе Колледж ғимаратына кіру құқығын растайтын жарамды студенттік билетін не басқа да құжатты көрсетуге міндетті.

4.4. Студент кіруді бақылауды жүзеге асыратын күзет қызметкерлерінің және басқа да жауапты тұлғалардың заңды талаптарын сақтауға міндетті.

4.5. Колледжге басқа адамның кіруін қамтамасыз ету мақсатында студенттік билетті, құжаттарды немесе өзге де сәйкестендіру құралдарын басқа адамға беруге жол берілмейді.

4.6. Студенттер анықталған қауіпті заттар, күдікті әрекеттер немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзге де жағдайлар туралы Колледждің жауапты қызметкерлеріне хабарлауға міндетті.

5. АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

5.1. Студенттер жалпы қабылданған сөйлеу және іскерлік этикет нормаларын сақтауға міндетті.

5.2. Оқытушылармен, Колледж қызметкерлерімен, студенттермен және келушілермен кездескен кезде бір-бірімен сыпайы түрде амандасу қажет.

5.3. Білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынас өзара құрмет, ізгі ниеттілік, әдептілік және сыпайылық қағидаттарына негізделуі тиіс.

5.4. Басқа адамдарға қатысты дөрекілік, агрессия, қорлау, кемсіту, қорқыту, үркіту және өзге де құрметсіз қарым-қатынас көрсетуге жол берілмейді.

5.5. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда студент оларды сындарлы және бейбіт жолмен шешуге ұмтылуы тиіс.

6. СӨЙЛЕУ ЭТИКЕТІ

6.1. Студенттер әдеби орыс тілі мен мемлекеттік тіл нормаларын сақтауға және қарым-қатынаста құрметті сөйлеу формасын қолдануға міндетті.

6.2. Оқытушыларға, Колледж қызметкерлеріне және басқа да ересек адамдарға жүгінген кезде «Сіз» деп құрметпен сөйлесу қажет.

6.3. Еркінсуге, дөрекілікке, балағат сөздер мен қорлайтын сөз тіркестерін қолдануға, басқа адамдардың қадір-қасиетін кемсітуге, жаргондық және бейәдеп сөздерді пайдалануға жол берілмейді.

6.4. Қарым-қатынас сыпайы, құрметті, ізгі ниетті және сындарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс.

6.5. Басқа адамды кемсітуге, қорлауға, қорқытуға немесе беделіне нұқсан келтіруге бағытталған сөздерді, сөз тіркестерін, қимылдарды немесе хабарламаларды қолдануға жол берілмейді.

7. КИІМ ҮЛГІСІНЕ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Студенттер Колледжде белгіленген киім үлгісін және сыртқы келбетке қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

7.2. Ұл балаларға арналған киім үлгісі

Ұл балалар үшін:

1. ақ жейде;
2. қою көк немесе қара түсті классикалық шалбар;

3. қою көк немесе қара түсті пиджак немесе капюшоны жоқ тиісті түстегі классикалық джемпер белгіленеді.

7.3.Қыз балаларға арналған киім үлгісі

Қыз балалар үшін:

1. ақ түсті жейде;
2. қою көк немесе қара түсті классикалық шалбар немесе ұзындығы тізеден төмен қою көк немесе қара түсті юбка;
3. қою көк немесе қара түсті пиджак не капюшоны жоқ тиісті түстегі классикалық джемпер белгіленеді.

7.4. Сыртқы келбетке қойылатын жалпы талаптар

7.4.1.Студенттің киімі таза, ұқыпты болуы, белгіленген түс гаммасына және іскерлік стиль талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7.4.2.Колледжге жағажайға арналған, шамадан тыс ашық, спорттық және белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өзге де киіммен келуге жол берілмейді, білім беру процесіне, оның ішінде дене шынықтыру сабақтарына байланысты жағдайларды қоспағанда.

7.4.3.Оқу сабақтары кезінде, егер бұл білім беру процесінің ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты болмаса, капюшоны бар киім киюге жол берілмейді.

7.4.4.Студенттің шаш үлгісі ұқыпты әрі таза болуы, сыртқы келбеттің жинақылығына қойылатын талаптарға сәйкес келуі және оқу процесіне кедергі келтірмеуі тиіс.

7.4.5.Сыртқы келбет, аксессуарлар мен әшекейлер іскерлік стиль талаптарына, санитариялық нормаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7.4.6.Іскерлік стиль талаптарын бұзатын, сабақ өткізуге кедергі келтіретін немесе қауіпсіздікке қатер төндіретін сыртқы келбет элементтеріне жол берілмейді.

7.4.7.Сыртқы келбетке қойылатын талаптар барлық студенттерге бірдей негізде қолданылады және олардың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзбауы тиіс.

7.5.Сыртқы киім

7.5.1.Сыртқы киім оқу сабақтары басталғанға дейін гардеробта қалдырылуы тиіс.

7.5.2. Әкімшілік үй-жайларға сыртқы киіммен кіруге тыйым салынады.

7.5.3. Колледжге келген кезде студенттер өздерімен бірге ауыстыратын қосымша аяқ киім алып жүруге міндетті. Студенттің оқу сабақтарында сыртқы аяқ киіммен жүруіне жол берілмейді.

8. САБАҚҚА ҚАТЫСУ

8.1.Студенттер сабаққа уақтылы келуге және сабақ басталғанға дейін оқу аудиториясында болуға міндетті.

8.2.Кешіккен жағдайда студент есік қағып, аудиторияға педагог қызметкердің рұқсатынан кейін ғана кіруге, амандасуға және кешіккені үшін кешірім сұрауға міндетті.

8.3.Сабақ кезінде студент тәртіпті сақтауға, педагог қызметкердің заңды талаптарын орындауға және білім беру процесіне кедергі келтірмеуге міндетті.

8.4. Сабақтарға қатысу міндетті түрде есепке алынады.

8.5. Сабаққа дәлелді себепсіз қатыспау оқу тәртібін бұзу болып есептеледі.

8.6. Сабақтарға дәлелді себепсіз жүйелі түрде қатыспаған жағдайда студентке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Колледждің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

8.7. Сабақ кезінде оқу кабинетінен шығуға төтенше қажеттілік жағдайларын қоспағанда, тек педагог қызметкердің рұқсатымен жол беріледі.

9. КӘСІБИ ПРАКТИКА КЕЗЕҢІНДЕГІ СТУДЕНТТІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

9.1. Кәсіби практика білім беру процесінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Практикадан өту кезеңінде студент осы Кодекстің талаптарын, практика базасындағы ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы талаптарын және белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

9.2. Кәсіби практикадан өту кезеңінде студент Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж өкілі болып табылады және оның іскерлік беделін сақтауға, кәсіби және педагогикалық этика нормаларын сақтауға, білім беру процесінің барлық қатысушыларына жауапкершілікпен, тәртіптілікпен және құрметпен қарауға міндетті.

9.3. Студент-машықтанушы міндетті:

1. практика базасына уақтылы келуге және ұйым белгілеген жұмыс режимін сақтауға;
2. кәсіби практика бағдарламасын, жеке тапсырмаларды және Колледж бен практика базасы тарапынан практика жетекшілерінің заңды талаптарын орындауға;
3. педагогикалық этика нормаларын және кәсіби мінез-құлық талаптарын сақтауға;
4. тәрбиеленушілердің, білім алушылардың, педагогтердің, ұйым қызметкерлерінің, ата-аналардың және білім алушылардың өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
5. қарым-қатынас барысында педагогикалық әдептілікті, ізгі ниеттілікті, төзімділікті, объективтілікті және әдептілікті танытуға;
6. тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге;
7. Колледж және практика базасы белгілеген іскерлік стильдегі киім үлгісіне және сыртқы келбетке қойылатын талаптарды сақтауға;
8. еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі талаптарын, санитариялық нормаларды және практика базасының талаптарын сақтауға;
9. практика базасының мүлкіне, оқу жабдықтарына, құжаттамасына және басқа да материалдық құндылықтарына ұқыпты қарауға;
10. кәсіби практика бойынша құжаттаманы уақтылы және адал жүргізуге;
11. тәрбиеленушілердің, білім алушылардың немесе білім беру процесінің өзге де қатысушыларының өміріне, денсаулығына, қауіпсіздігіне, құқықтары мен заңды мүдделеріне қауіп төндіруі мүмкін жағдайлар туралы практика жетекшісіне дереу хабарлауға;

9.4. Кәсіби практикадан өту кезеңінде студентке:

1. тәрбиеленушілерге, білім алушыларға және өзге де адамдарға қатысты физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылық қолдануға;
2. тәрбиеленушілер мен білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауға, балағат сөздер, қорқыту, үркіту, келемеждеу және құрметсіз қарым-қатынастың өзге де нысандарын қолдануға;
3. білім беру процесінің қатысушыларына қатысты кемсітушілік немесе біржақты көзқарас танытуға;
4. тәрбиеленушілермен және білім алушылармен педагогикалық этика нормаларына және кәсіби шекараларға қайшы келетін қарым-қатынас орнатуға;
5. практикант ретіндегі өз жағдайын жеке мақсатта пайдалануға;
6. қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді және практикадан өтуге байланысты белгілі болған, егер оларды тарату заңнамамен немесе ұйымның қағидаларымен шектелген болса, өзге де ақпаратты жария етуге;
7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және өзге де интернет-ресурстарда тәрбиеленушілер, білім алушылар, педагогтер, ата-аналар (заңды өкілдер), қызметкерлер және практика базасының қызметі туралы ақпаратты таратуға;
8. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды және ұйымда бекітілген қағидаларды бұза отырып, тәрбиеленушілердің, білім алушылардың және білім беру процесінің өзге де қатысушыларының фото-, бейне- және аудиожазбаларын жасауға және таратуға;
9. егер бұл практиканттың міндеттерін орындауына кедергі келтіретін болса, сабақтар және өзге де іс-шаралар кезінде мобильді құрылғыларды жеке мақсатта пайдалануға;
10. практикадан өту үшін белгіленген уақытта практика базасынан өз бетінше кетуге;
11. практика базасында алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де әрекеттерді жасауға.

10. МОБИЛЬДІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

- 10.1. Сабақтар, емтихандар, сынақтар, жиналыстар және өзге де ресми іс-шаралар кезінде мобильді телефондар мен басқа да электрондық құрылғылар дыбыссыз режимге ауыстырылуы тиіс.
- 10.2. Сабақ кезінде мобильді құрылғыларды пайдалануға тек педагог қызметкердің рұқсатымен немесе білім беру мақсатында жол беріледі.
- 10.3. Сабақ кезінде педагог қызметкердің рұқсатынсыз:
 1. телефон арқылы қоңырау шалуға;
 2. хабарламалар жіберуге;
 3. әлеуметтік желілерді пайдалануға;
 4. ойын-сауық мақсатындағы бейнематериалдар мен фотоматериалдарды көруге;

5. музыка тыңдауға;
6. ойындар ойнауға;
7. білім беру процесіне қатысы жоқ қосымшаларды пайдалануға тыйым салынады.

10.4. Электрондық құрылғыларды пайдалану студенттің немесе білім беру процесінің басқа да қатысушыларының оқу қызметінен алаңдауына әкелмеуі тиіс.

10.5. Білім алушылардың, педагог қызметкерлердің және өзге де адамдардың фото-, бейне- және аудиозаңбаларын жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

10.6. Электрондық құрылғыларды мынадай тәсілдермен пайдалануға тыйым салынады:

1. оқу сабағын өткізуге кедергі келтіретін;
2. басқа адамдардың құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзатын;
3. қауіпсіздікке қатер төндіретін;
4. буллинг, кибербуллинг немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жасау үшін пайдаланылатын тәсілдермен.

10.7. Емтихандар, сынақтар, бақылау жұмыстары және бағалаудың өзге де нысандары кезінде мобильді телефондар мен басқа да электрондық құрылғыларды пайдалануға тиісті іс-шараны өткізу қағидаларында көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

10.8. Студент өзіне тиесілі мобильді телефондардың және басқа да жеке заттарының сақталуына өзі жауап береді.

10.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Колледж студенттің жеке мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі үшін жауап бермейді.

11. КІТАПХАНАНЫ ПАЙДАЛАНУ

11.1. Студенттер Колледж кітапханасын пайдалану ережелерін сақтауға міндетті.

11.2. Кітапхана қорын пайдалану кезінде кітаптарға, оқу құралдарына, мерзімді басылымдарға, жабдықтарға және кітапхананың басқа да мүлкіне ұқыпты қарау қажет.

11.3. Кітапхана мүлкін бүлдіруге, зақымдауға немесе жоғалтуға жол берілмейді.

11.4. Кітапхана қорын жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін студент Қазақстан Республикасының заңнамасына және кітапхананы пайдалану қағидаларына сәйкес жауапты болады.

12. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

12.1. Колледж салауатты өмір салты, жауапты мінез-құлық және білім беру процесіне қатысушылардың дене және психологиялық әл-ауқатына қамқорлық жасау қағидаттарын қолдайды және насихаттайды.

12.2. Колледж аумағында:

1. есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын және өзге де тыйым салынған заттарды қолдануға, сақтауға және таратуға;
2. алкогольдік ішімдіктерді тұтынуға;
3. алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуға;
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған орындарда темекі өнімдерін, электрондық сигареттерді, темекіні қыздыру жүйелерін, вейптерді және никотин құрамды өзге де өнімдерді шегуге;

5. студенттердің, Колледж қызметкерлерінің және өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

12.3. Белгіленген талаптарды бұзғаны үшін студентке Қазақстан Республикасының заңнамасында және Колледждің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

13. ТАМАҚТАНУ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТАУ

13.1. Тамақтануға осы мақсат үшін арнайы жабдықталған орындарда ғана рұқсат етіледі.

13.2. Сабақ өткізу кезінде оқу аудиторияларында тамақ ішуге жол берілмейді.

13.3. Студенттер санитариялық нормаларды сақтауға, Колледждің үй-жайларында және аумағында тазалық пен тәртіпті сақтауға міндетті.

13.4. Қоқысты осы мақсатқа арналған арнайы контейнерлерге тастау қажет.

13.5. Қоқысты, пайдаланылған ыдыстарды және басқа да заттарды оларды орналастыруға арналмаған орындарда қалдыруға тыйым салынады.

13.6. Колледждің үй-жайларын, жиһаздарын, жабдықтарын және аумағын ластауға жол берілмейді.

14. БҰҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРЛАРДЫ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

14.1.Жиналыстар, конференциялар, концерттер, спорттық және өзге де іс-шаралар өткізу кезінде студенттер қоғамдық тәртіпті және белгіленген мінез-құлық ережелерін сақтауға міндетті.

14.2.Сөз сөйлеушілерге құрметпен қарау, тыныштық сақтау және іс-шараға қатысушыларға кедергі келтірмеу қажет.

14.3.Қатты сөйлесуге, айқайлауға, іс-шараның өткізілуіне кедергі келтіретін әрекеттер жасауға, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзатын өзге де мінез-құлыққа жол берілмейді.

14.4.Қажет болған жағдайда үй-жайдан шығу немесе оған кіру барынша тыныш түрде және мүмкіндігінше сөз сөйлеулер арасындағы үзілістерде жүзеге асырылуы тиіс.

15. БУЛЛИНГКЕ, КИБЕРБУЛЛИНГКЕ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ

15.1.Колледжде физикалық, психологиялық, ауызша және зорлық-зомбылықтың өзге де нысандарына жол берілмейді.

15.2.Қорқыту, үркіту, бопсалау, кемсіту, қудалау және басқа адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзатын өзге де әрекеттерге тыйым салынады.

15.3.Әлеуметтік желілер, мессенджерлер және электрондық коммуникацияның өзге де құралдары арқылы жасалатын буллинг пен кибербуллингке жол берілмейді.

15.4.Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге, қорлауға, қорқытуға немесе зиян келтіруге бағытталған фото-, бейне-, аудио және өзге де материалдарды таратуға тыйым салынады.

15.5.Зорлық-зомбылық, буллинг немесе кибербуллинг фактілеріне куә болған студент кураторға, педагог-психологқа, Колледж әкімшілігіне немесе өзге де жауапты қызметкерге жүгінуге құқылы.

16. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР МЕН ӘРЕКЕТТЕР

16.1.Студенттерге:

1. Колледжге қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар және өзге де тыйым салынған немесе қауіпті заттарды әкелуге;

2. алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және өзге де тыйым салынған заттарды әкелуге, сақтауға, қолдануға және таратуға;

3. физикалық зорлық-зомбылық қолдануға;

4. басқа адамдарды қорқытуға, үркітуге, бопсалауға немесе кемсітуге;

5. буллинг және кибербуллинг жасауға;

6. басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге, қорлауға, қорқытуға немесе оған зиян келтіруге бағытталған материалдарды таратуға;

7. өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін әрекеттер жасауға;

8. Колледждің, қызметкерлердің немесе басқа студенттердің мүлкін қасақана бүлдіруге;

9. киім үлгісіне және сыртқы келбетке қойылатын белгіленген талаптарды бұзуға;

10.оқу тәртібін, қоғамдық тәртіпті, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады.

17. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

17.1.Студенттер академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға және оқу тапсырмаларын адал орындауға міндетті.

17.2.Мыналарға жол берілмейді:

1. көшіруге;

2. плагиатқа;

3. тиісті сілтемесіз басқа адамның зияткерлік қызметінің нәтижелерін пайдалануға;

4. басқа адамның жұмысын өз жұмысы ретінде ұсынуға;

5. оқу қызметінің нәтижелерін бұрмалауға;

6. педагог қызметкер мұндай пайдалануға тыйым салған немесе шектеген жағдайларда оқу тапсырмаларын орындау кезінде жасанды интеллект технологияларын (оның ішінде генеративті жүйелерді) пайдалануға;

7. бақылау жұмыстары, емтихандар және сынақтар кезінде тыйым салынған материалдар мен құралдарды пайдалануға;

8. академиялық адалдықты бұзудың өзге де нысандарына.

17.3. Бақылау, емтихан және басқа да оқу жұмыстарын орындау кезінде студент педагог қызметкер белгілеген ережелерді сақтауға міндетті.

17.4. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін студентке Қазақстан Республикасының заңнамасында және Колледждің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

18. МҮЛІККЕ ҰҚЫПТЫ ҚАРАУ

18.1. Студенттер Колледждің мүлкіне, оқу жабдықтарына, жиһазға, компьютерлік техникаға, кітапхана қорына және басқа да материалдық құндылықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

18.2. Колледждің мүлкін қасақана бүлдіруге, жоюға немесе тиісінше пайдаланбауға жол берілмейді.

18.3. Студент келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Колледждің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

19. КӨМЕККЕ ЖҮГІНУ

19.1. Оқу, қауіпсіздік немесе психологиялық жағдайға байланысты сұрақтар, жанжалды жағдайлар немесе мәселелер туындаған кезде студент:

1. күзет қызметкерлеріне;
2. бөлім меңгерушісіне;
3. медициналық пунктке;
4. оқу тобының кураторына;
5. педагог-психологқа;
6. Колледж әкімшілігіне;
7. өз құзыреті шегінде Колледждің өзге де жауапты қызметкерлеріне жүгінуге құқылы.

19.2. Студенттер Колледж әкімшілігіне өтініштерін, ұсыныстарын, арыздарын және ескертулерін электрондық пошта, сенім жәшігі, сенім телефоны немесе Колледж белгілеген өзге де тәсілдер арқылы жолдауға құқылы.

19.3. Студенттердің өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде құрметтеу, объективтілік және құпиялылық қағидаттары сақтала отырып, белгіленген тәртіппен қаралады.

19.4. Студенттің көмек сұрап жүгінуі оны қудалауға, кемсітуге немесе оған қатысты өзге де жағымсыз қарым-қатынас жасауға негіз болмауы тиіс.

20. КОДЕКСТІ САҚТАУҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК

20.1. Әрбір студент осы Кодекстің нормаларын сақтауға жауапты.

20.2. Кодексті сақтау студенттің жалпы мінез-құлық мәдениетінің бір бөлігі болып табылады және қауіпсіз, жайлы әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

20.3. Осы Кодекстің ережелерін бұзғаны үшін студентке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Колледждің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес тәрбиелік және тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

20.4. Қолданылатын шаралар жасалған құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлық дәрежесіне сәйкес болуы тиіс.

20.5. Ықпал ету шараларын қолдану туралы шешім қабылдау кезінде жасалған құқық бұзушылықтың мән-жайлары, оның салдары, құқық бұзушылықтың қайталануы және өзге де маңызды мән-жайлар ескеріледі.

21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21.1. Осы Кодекс Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледждің жергілікті нормативтік құжаты болып табылады.

21.2. Осы Кодекстің ережелері студенттерді Қазақстан Республикасының заңнамасын, Колледж Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін және Колледждің өзге де жергілікті нормативтік құжаттарын сақтау міндетінен босатпайды.

21.3. Әрбір студент Колледж белгілеген тәртіппен осы Кодекспен таныстырылуы тиіс.

21.4. Кодекс белгіленген тәртіппен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

21.5. Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі және бекітіледі.

21.6. Осы Кодекстің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

Рассмотрено
на педагогическом совете №1
от 31.08.2026 года

“Утверждаю”
Директор КГКП «Высший колледж имени
Магжана Жумабаева»


Жумабаев М.Ш.

Согласовано
Председатель
студенческого самоуправления


Жансүр Е.Н.

ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС СТУДЕНТА КГКП «Высший колледж имени Магжана Жумабаева»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Этический кодекс студента Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева (далее — Кодекс) устанавливает основные нормы поведения студентов, определяет принципы взаимоотношений между участниками образовательного процесса и направлен на формирование безопасной, уважительной, комфортной и благоприятной образовательной среды.

1.2. Кодекс определяет нормы культуры поведения, общения, учебной дисциплины, академической честности, взаимного уважения и ответственности студентов.

1.3. Действие настоящего Кодекса распространяется на всех студентов Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева (далее — Колледж).

1.4. Положения настоящего Кодекса применяются во время пребывания студентов на территории Колледжа, участия в учебных занятиях, воспитательных, культурных, спортивных, общественных и иных мероприятиях, организуемых Колледжем, а также в иных случаях, когда поведение студента непосредственно связано с образовательным процессом.

1.5. Положения настоящего Кодекса применяются во взаимосвязи с законодательством Республики Казахстан, уставом Колледжа, правилами внутреннего распорядка и иными локальными нормативными документами Колледжа.

1.6. Каждый студент обязан знать и соблюдать положения настоящего Кодекса, уважать права, свободы, честь и достоинство других лиц, бережно относиться к имуществу Колледжа и содействовать созданию благоприятной образовательной среды.

2. ЦЕЛЬ И ЗАДАЧИ КОДЕКСА

2.1. Цель Кодекса

Целью настоящего Кодекса является формирование у студентов культуры поведения, ответственности, дисциплинированности, взаимного уважения, академической честности и навыков конструктивного взаимодействия.

2.2. Задачи Кодекса

Основными задачами Кодекса являются:

1. воспитание у студентов чувства ответственности, дисциплинированности и уважения к правам, свободам, чести и достоинству других лиц;
2. формирование культуры поведения, общения и деловой этики;
3. укрепление учебной дисциплины и корпоративной культуры Колледжа;
4. обеспечение соблюдения принципов академической честности;
5. профилактика правонарушений, буллинга, кибербуллинга и иных форм противоправного поведения;
6. создание безопасных и комфортных условий для обучения;
7. развитие гражданской ответственности и социальной активности студентов;
8. формирование культуры здорового образа жизни;
9. развитие навыков конструктивного разрешения конфликтных ситуаций.

3. ОСНОВНЫЕ ЭТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ

3.1. Поведение студента основывается на следующих принципах:

1. уважение к личности и достоинству каждого человека;
2. доброжелательность, вежливость и корректность;
3. ответственность за свои поступки и их последствия;
4. добросовестность и честность;
5. соблюдение учебной дисциплины;
6. уважение к преподавателям, сотрудникам Колледжа и другим студентам;
7. недопустимость насилия, унижения, дискриминации, буллинга и кибербуллинга;
8. бережное отношение к имуществу Колледжа;
9. соблюдение законодательства Республики Казахстан и локальных нормативных документов Колледжа.

4. ПРОПУСКНАЯ СИСТЕМА И БЕЗОПАСНОСТЬ

4.1. В целях обеспечения безопасности, поддержания общественного порядка и предупреждения правонарушений в Колледже действует пропускная система.

4.2. Контроль доступа в здание Колледжа осуществляется сотрудниками охраны и дежурным вахтером.

4.3. Все лица, входящие в здание Колледжа, обязаны пройти установленную процедуру идентификации посредством системы Face ID либо предъявить действующий студенческий билет или иной документ, подтверждающий право на вход в здание Колледжа.

4.4. Студент обязан соблюдать законные требования сотрудников охраны и иных ответственных лиц, осуществляющих контроль доступа.

4.5. Не допускается передача студенческого билета, документов или иных средств идентификации другому лицу с целью обеспечения его прохода в Колледж.

4.6. Студенты обязаны сообщать ответственным сотрудникам Колледжа об обнаруженных опасных предметах, подозрительных действиях либо иных обстоятельствах, создающих угрозу жизни и здоровью людей.

5. КУЛЬТУРА ПРИВЕТСТВИЯ И ОБЩЕНИЯ

5.1. Студенты обязаны соблюдать общепринятые нормы речевого и делового этикета.

5.2. При встрече с преподавателями, сотрудниками Колледжа, студентами и посетителями следует приветствовать друг друга в вежливой форме.

5.3. Взаимоотношения между участниками образовательного процесса должны строиться на принципах взаимного уважения, доброжелательности, тактичности и корректности.

5.4. Не допускаются проявления грубости, агрессии, унижения, дискриминации, угроз, запугивания и иного неуважительного отношения к другим лицам.

5.5. При возникновении разногласий студент должен стремиться к их конструктивному и мирному разрешению.

6. РЕЧЕВОЙ ЭТИКЕТ

6.1. Студенты обязаны соблюдать нормы литературного русского и государственного языков и использовать уважительную форму обращения.

6.2. При обращении к преподавателям, сотрудникам Колледжа и другим взрослым лицам следует использовать форму обращения на «Вы».

6.3. Не допускаются фамильярность, грубость, оскорбительные выражения, унижение достоинства других лиц, жаргонная и ненормативная лексика.

6.4. Общение должно осуществляться в корректной, уважительной, доброжелательной и конструктивной форме.

6.5. Недопустимо использование слов, выражений, жестов или сообщений, направленных на унижение, оскорбление, запугивание или дискредитацию другого лица.

7. ТРЕБОВАНИЯ К ФОРМЕ ОДЕЖДЫ И ВНЕШНЕМУ ВИДУ

7.1. Студенты обязаны соблюдать установленную в Колледже форму одежды и требования к внешнему виду.

7.2. Форма одежды для юношей

Для юношей устанавливается:

1. белая рубашка;
2. классические брюки темно-синего или черного цвета;

3. пиджак темно-синего или черного цвета либо классический джемпер соответствующего цвета без капюшона.

7.3. Форма одежды для девушек

Для девушек устанавливается:

1. белая блузка;
2. классические брюки темно-синего или черного цвета либо юбка темно-синего или черного цвета длиной ниже колена;

3. пиджак темно-синего или черного цвета либо классический джемпер соответствующего цвета без капюшона.

7.4. Общие требования к внешнему виду

7.4.1. Одежда студента должна быть чистой, опрятной, соответствовать установленной цветовой гамме и требованиям делового стиля.

7.4.2. Не допускается посещение Колледжа в пляжной, чрезмерно открытой, спортивной и иной одежде, не соответствующей установленным требованиям, за исключением случаев, обусловленных образовательным процессом, в том числе занятий по физической культуре.

7.4.3. Во время учебных занятий не допускается ношение одежды с капюшоном, если иное не обусловлено особенностями образовательного процесса, состоянием здоровья или иными уважительными обстоятельствами.

7.4.4. Прическа студента должна быть аккуратной и чистой, соответствовать требованиям опрятного внешнего вида и не препятствовать учебному процессу.

7.4.5. Внешний вид, аксессуары и украшения должны соответствовать требованиям делового стиля, санитарным нормам и требованиям безопасности.

7.4.6. Не допускаются элементы внешнего вида, которые нарушают требования делового стиля, препятствуют проведению учебных занятий или создают угрозу безопасности.

7.4.7. Требования к внешнему виду применяются ко всем студентам на равных основаниях и не должны нарушать их права, честь и достоинство.

7.5. Верхняя одежда

7.5.1. Верхняя одежда должна быть оставлена в гардеробе до начала учебных занятий.

7.5.2. Запрещается входить в административные помещения в верхней одежде.

7.5.3. При посещении колледжа студенты обязаны иметь дополнительную сменную обувь. Нахождение студента на учебных занятиях в уличной обуви не допускается.

8. ПОСЕЩЕНИЕ УЧЕБНЫХ ЗАНЯТИЙ

8.1. Студенты обязаны своевременно прибывать на учебные занятия и находиться в учебной аудитории до начала занятия.

8.2. В случае опоздания студент обязан постучать, войти в аудиторию только после разрешения педагогического работника, поздороваться и извиниться за опоздание.

8.3. Во время учебного занятия студент обязан соблюдать дисциплину, выполнять законные требования педагогического работника и не создавать помех образовательному процессу.

8.4. Посещаемость учебных занятий подлежит обязательному учету.

8.5. Пропуски учебных занятий без уважительной причины рассматриваются как нарушение учебной дисциплины.

8.6. При систематическом пропуске учебных занятий без уважительных причин к студенту могут применяться меры дисциплинарного воздействия в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Колледжа.

8.7. Выход из учебного кабинета во время занятия допускается только с разрешения педагогического работника, за исключением случаев чрезвычайной необходимости.

9. ЭТИЧЕСКИЕ НОРМЫ ПОВЕДЕНИЯ СТУДЕНТА В ПЕРИОД ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПРАКТИКИ

9.1. Профессиональная практика является обязательной составной частью образовательного процесса. В период ее прохождения студент обязан соблюдать требования настоящего Кодекса, правила внутреннего распорядка базы практики, требования охраны труда, техники безопасности и иные установленные требования.

9.2. В период профессиональной практики студент является представителем Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева и обязан поддерживать его деловую репутацию, соблюдать нормы профессиональной и педагогической этики, проявлять ответственность, дисциплинированность и уважительное отношение ко всем участникам образовательного процесса.

9.3. Студент-практикант обязан:

1. своевременно прибывать на базу практики и соблюдать установленный режим работы организации;
2. выполнять программу профессиональной практики, индивидуальные задания и законные требования руководителей практики от Колледжа и базы практики;
3. соблюдать нормы педагогической этики и профессионального поведения;
4. уважать честь и достоинство воспитанников, обучающихся, педагогов, работников организации, родителей и иных законных представителей обучающихся;
5. проявлять педагогический такт, доброжелательность, терпимость, объективность и корректность в общении;
6. учитывать возрастные и индивидуальные особенности воспитанников и обучающихся;
7. соблюдать требования к деловому стилю одежды и внешнему виду, установленные Колледжем и базой практики;
8. соблюдать правила охраны труда, техники безопасности, пожарной безопасности, санитарные нормы и требования базы практики;
9. бережно относиться к имуществу базы практики, учебному оборудованию, документации и иным материальным ценностям;
10. своевременно и добросовестно вести документацию по профессиональной практике;
11. незамедлительно информировать руководителя практики о ситуациях, которые могут представлять угрозу жизни, здоровью, безопасности, правам и законным интересам воспитанников, обучающихся или иных участников образовательного процесса;
12. соблюдать требования законодательства Республики Казахстан, локальных нормативных документов Колледжа и организации, являющейся базой практики.

9.4. В период профессиональной практики студенту не допускается:

1. применять физическое или психологическое насилие в отношении воспитанников, обучающихся и иных лиц;
2. унижать честь и достоинство воспитанников и обучающихся, использовать оскорбительные выражения, угрозы, запугивание, насмешки и иные формы неуважительного отношения;
3. допускать дискриминационное или предвзятое отношение к участникам образовательного процесса;
4. вступать с воспитанниками и обучающимися в отношения, противоречащие нормам педагогической этики и профессиональным границам;
5. использовать свое положение практиканта в личных целях;
6. разглашать сведения ограниченного доступа и иную информацию, ставшую известной в связи с прохождением практики, если ее распространение ограничено законодательством или правилами организации;
7. распространять в социальных сетях, мессенджерах и иных интернет-ресурсах информацию о воспитанниках, обучающихся, педагогах, родителях (законных представителях), сотрудниках и деятельности базы практики с нарушением требований законодательства Республики Казахстан;
8. осуществлять и распространять фото-, видео- и аудиозаписи воспитанников, обучающихся и иных участников образовательного процесса с нарушением требований законодательства Республики Казахстан и установленных в организации правил;
9. использовать мобильные устройства в личных целях во время занятий и иных мероприятий, если это препятствует выполнению обязанностей практиканта;
10. самовольно покидать базу практики в установленное для прохождения практики время;
11. находиться на базе практики в состоянии алкогольного, наркотического или токсического опьянения, а также совершать иные действия, запрещенные законодательством Республики Казахстан.

10. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОБИЛЬНЫХ И ЭЛЕКТРОННЫХ УСТРОЙСТВ

10.1. Во время учебных занятий, экзаменов, зачетов, собраний и иных официальных мероприятий мобильные телефоны и другие электронные устройства должны быть переведены в беззвучный режим.

10.2. Использование мобильных устройств во время учебных занятий допускается только с разрешения педагогического работника либо в образовательных целях.

10.3. Во время учебных занятий без разрешения педагогического работника запрещается:

1. осуществлять телефонные звонки;
2. отправлять сообщения;
3. пользоваться социальными сетями;
4. просматривать развлекательные видео- и фотоматериалы;
5. слушать музыку;
6. играть;
7. использовать приложения, не связанные с образовательным процессом.

10.4. Использование электронных устройств не должно отвлекать студента или других участников образовательного процесса от учебной деятельности.

10.5. Фото-, видео- и аудиозапись обучающихся, педагогических работников и иных лиц осуществляется с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан.

10.6. Запрещается использовать электронные устройства способом, который:

1. препятствует проведению учебного занятия;
2. нарушает права, честь и достоинство других лиц;
3. создает угрозу безопасности;
4. используется для совершения буллинга, кибербуллинга либо иных противоправных действий.

10.7. Во время экзаменов, зачетов, контрольных работ и иных форм оценивания использование мобильных телефонов и иных электронных устройств допускается только в случаях и порядке, предусмотренных правилами проведения соответствующего мероприятия.

10.8. Студент самостоятельно отвечает за сохранность принадлежащих ему мобильных телефонов и иных личных вещей.

10.9. Колледж не несет ответственности за утрату или повреждение личного имущества студента, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

11. ПОЛЬЗОВАНИЕ БИБЛИОТЕКОЙ

11.1. Студенты обязаны соблюдать Правила пользования библиотекой Колледжа.

11.2. При пользовании библиотечным фондом необходимо бережно относиться к книгам, учебным пособиям, периодическим изданиям, оборудованию и иному имуществу библиотеки.

11.3. Не допускается повреждение, порча или утрата библиотечного имущества.

11.4. За утрату или порчу библиотечного фонда студент несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан и действующими правилами пользования библиотекой.

12. ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

12.1. Колледж поддерживает и пропагандирует принципы здорового образа жизни, ответственного поведения и заботы о физическом и психологическом благополучии участников образовательного процесса.

12.2. На территории Колледжа запрещаются:

1. употребление, хранение и распространение наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и иных запрещенных веществ;
2. употребление алкогольных напитков;
3. нахождение в состоянии алкогольного, наркотического или токсического опьянения;
4. курение табачных изделий, электронных сигарет, систем нагревания табака, вейпов и иных никотиносодержащих изделий в местах, где это запрещено законодательством Республики Казахстан;
5. любые действия, создающие угрозу жизни и здоровью студентов, работников Колледжа и иных лиц.

12.3. За нарушение установленных требований к студенту могут применяться меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Колледжа.

13. ПИТАНИЕ И СОБЛЮДЕНИЕ ЧИСТОТЫ

13.1. Прием пищи разрешается только в специально оборудованных для этого местах.

13.2. Не допускается употребление пищи в учебных аудиториях во время проведения занятий.

13.3. Студенты обязаны соблюдать санитарные нормы, поддерживать чистоту и порядок в помещениях и на территории Колледжа.

13.4. Мусор необходимо выбрасывать в предназначенные для этого контейнеры.

13.5. Запрещается оставлять мусор, использованную посуду и иные предметы в местах, не предназначенных для их размещения.

13.6. Не допускается загрязнение помещений, мебели, оборудования и территории Колледжа.

14. ПОВЕДЕНИЕ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ МАССОВЫХ МЕРОПРИЯТИЙ

14.1. Во время проведения собраний, конференций, концертов, спортивных и иных мероприятий студенты обязаны соблюдать общественный порядок и установленные правила поведения.

14.2. Следует уважительно относиться к выступающим, соблюдать тишину и не создавать помех участникам мероприятия.

14.3. Не допускаются громкие разговоры, выкрики, действия, мешающие проведению мероприятия, а также иное поведение, нарушающее общественный порядок.

14.4. При необходимости покинуть помещение или войти в него следует сделать это максимально тихо и, по возможности, в перерывах между выступлениями.

15. НЕДОПУСТИМОСТЬ БУЛЛИНГА, КИБЕРБУЛЛИНГА И НАСИЛИЯ

15.1. В Колледже не допускаются любые формы физического, психологического, словесного и иного насилия.

15.2. Запрещаются угрозы, запугивание, вымогательство, унижение, преследование и иные действия, нарушающие права, честь и достоинство другого лица.

15.3. Не допускаются буллинг и кибербуллинг, в том числе посредством социальных сетей, мессенджеров и иных электронных средств коммуникации.

15.4. Запрещается распространение фото-, видео-, аудио- и иных материалов, направленных на унижение, оскорбление, запугивание или причинение вреда чести и достоинству другого лица.

15.5. Студент, ставший свидетелем фактов насилия, буллинга или кибербуллинга, вправе обратиться к куратору, педагогу-психологу, администрации Колледжа или иному ответственному сотруднику.

16. ЗАПРЕЩЕННЫЕ ПРЕДМЕТЫ И ДЕЙСТВИЯ

16.1. Студентам запрещается:

1. приносить в Колледж оружие, боеприпасы, взрывчатые вещества и иные запрещенные или опасные предметы;

2. приносить, хранить, употреблять и распространять алкогольные напитки, наркотические средства, психотропные вещества и иные запрещенные вещества;

3. применять физическое насилие;

4. угрожать, запугивать, вымогать или унижать других лиц;

5. совершать буллинг и кибербуллинг;

6. распространять материалы, направленные на унижение, оскорбление, запугивание или причинение вреда чести и достоинству другого лица;

7. совершать действия, создающие угрозу жизни и здоровью;

8. умышленно повреждать имущество Колледжа, работников или других студентов;

9. нарушать установленные требования к форме одежды и внешнему виду;

10. совершать иные действия, нарушающие учебную дисциплину, общественный порядок, права и законные интересы других лиц.

17. АКАДЕМИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ

17.1. Студенты обязаны соблюдать принципы академической честности и добросовестно выполнять учебные задания.

17.2. Не допускаются:

1. списывание;

2. плагиат;

3. использование чужих результатов интеллектуальной деятельности без соответствующей ссылки;

4. представление чужой работы как собственной;

5. фальсификация результатов учебной деятельности;

6. использование технологий искусственного интеллекта (в том числе генеративных систем) при выполнении учебных заданий в случаях, когда такое использование запрещено или ограничено педагогическим работником;

7. использование запрещенных материалов и средств во время контрольных, экзаменов и зачетов;

8. иные формы нарушения академической честности.

17.3. При выполнении контрольных, экзаменационных и иных учебных работ студент обязан соблюдать установленные педагогическим работником правила.

17.4. За нарушение принципов академической честности к студенту могут применяться меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Колледжа.

18. БЕРЕЖНОЕ ОТНОШЕНИЕ К ИМУЩЕСТВУ

18.1. Студенты обязаны бережно относиться к имуществу Колледжа, учебному оборудованию, мебели, компьютерной технике, библиотечному фонду и иным материальным ценностям.

18.2. Не допускается умышленное повреждение, уничтожение или ненадлежащее использование имущества Колледжа.

18.3. Студент несет ответственность за причиненный ущерб в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Колледжа.

19. ОБРАЩЕНИЕ ЗА ПОМОЩЬЮ

19.1. При возникновении вопросов, конфликтных ситуаций, проблем, связанных с обучением, безопасностью или психологическим состоянием, студент вправе обратиться:

1. к сотрудникам охраны;
2. к заведующему отделением;
3. в медицинский пункт;
4. к куратору учебной группы;
5. к педагогу-психологу;
6. к администрации Колледжа;
7. к иным ответственным сотрудникам Колледжа в пределах их компетенции.

19.2. Студенты вправе направлять обращения, предложения, заявления и замечания администрации Колледжа посредством электронной почты, почтового ящика доверия, телефона доверия или иными способами, установленными Колледжем.

19.3. Обращения студентов рассматриваются в установленном порядке с соблюдением принципов уважения, объективности и конфиденциальности в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан.

19.4. Обращение студента за помощью не должно являться основанием для его преследования, унижения или иного негативного отношения.

20. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА СОБЛЮДЕНИЕ КОДЕКСА

20.1. Каждый студент несет ответственность за соблюдение норм настоящего Кодекса.

20.2. Соблюдение Кодекса является частью общей культуры поведения студента и способствует созданию безопасной, комфортной и благоприятной образовательной среды.

20.3. За нарушение положений настоящего Кодекса к студенту могут применяться меры воспитательного и дисциплинарного воздействия в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Колледжа.

20.4. Применяемые меры должны соответствовать характеру и степени совершенного нарушения.

20.5. При принятии решения о применении мер воздействия учитываются обстоятельства совершенного нарушения, его последствия, повторность нарушения и иные имеющие значение обстоятельства.

21. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

21.1. Настоящий Кодекс является локальным нормативным документом Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева.

21.2. Положения настоящего Кодекса не освобождают студентов от обязанности соблюдать законодательство Республики Казахстан, устав Колледжа, правила внутреннего распорядка и иные локальные нормативные документы Колледжа.

21.3. Каждый студент должен быть ознакомлен с настоящим Кодексом в установленном Колледжем порядке.

21.4. Кодекс вступает в силу с даты его утверждения в установленном порядке.

21.5. Изменения и дополнения в настоящий Кодекс вносятся и утверждаются в установленном порядке.

21.6. В случае противоречия отдельных положений настоящего Кодекса законодательству Республики Казахстан применяются нормы законодательства Республики Казахстан.

**ЛИСТ ОЗНАКОМЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ
к Этическому кодексу студента
Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева**

Я, нижеподписавшийся(аяся), подтверждаю, что ознакомлен(а) с Этическим кодексом студента Высшего колледжа имени Магжана Жумабаева, содержание Кодекса мне понятно, обязуюсь соблюдать его положения.

С Кодексом ознакомлен(а):

[illegible]